

Келісіді:
Кәсіподақ комитет төрайымы
Нусипова Г.С
17.11.2021ж



Бекітемін: 
«Айсун» балалар бақшасының
менгерушісі: Ш.К. Оспанова
17.11.2021ж

**Мектепке дейінгі мекеме педагог-психологының
лауазымдық міндеті.**

1. Жалпы нұсқау

- 1.1. Осы лауазымдық нұсқау педагог-психологтың (ҚР БЖҒМ-нің 27.08.2002ж №629 бұйрығы) біліктілікті айқындау мінездемесі негізінде жасалған.
- 1.2. Жоғары психологиялық білімі немесе жоғары білім негізінде қайта даярлаудан, психология бойынша сәйкес мамандық алған немесе облыстық (облБЖИ) институт жанынан екі апталық қайта даярлау курстарынан өткен мамандар балабақша психологы болып бекітіледі және белгіленген тәртіппен босатылады.
- 1.3. Балабақша психологы тікелей балабақша менгерушісіне бағынады.
- 1.4. Балабақша психологы өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқығы туралы» Заңдарын, «2016 жылға дейін ҚР-ның білім дамуының» Тұжырымдамасының, психологиялық қызмет туралы нұсқауды, психологтың этикалық кодексін, халықаралық және республикалық ережелер белгілейтін актілерді, балабақша жарғысын, ғылыми-әдістемелік ұсынымдарды және осы нұсқауды басшылыққа алады.

2. Құқығы

Балабақша психологының құқы бар:

- 2.1. Өз бетімен бағдарламалардың жаңа диагностикалық және коррекциялық әдістемесін, ақпараттық, білім және психологиялық технологияларды мақұлдауға, дәріс беруге.
- 2.2. Білім және психологиялық технологиялардың психологиялық сараптамасын, шешімдер, ұсыныстар, оқыту бағдарламалары, тестілеу диагностикасына қатысуға.
- 2.3. Байқау комиссиясына, жұмысқа қабылдауға әңгімелесуге, тәрбиешілерді аттестациялауға, тәрбиешілер мен балалардың байқауларына, педагогикалық консилиумдарға, дарынды балаларды және олардың жанұяларын зерттеуге қатысуға.
- 2.4. Өзінің жеке абыройы және биік адамгершілік қасиеттерін қорғауға, өз кәсіби қызметіне басқа біреулердің себепсіз араласуынан қорғауға.
- 2.5. Балабақша менгерушісінің берген өкілеттілігі шеңберінде педагогтарға міндетті тапсырмалар беруге.
- 2.6. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне алдын-ала келісу және жұмыс жоспарына сәйкес педагогтың рұқсатымен кіруге.
- 2.7. Ғылыми-әдістемелік семинарлар, әдістемелік бірлестіктер, педагогикалық кеңестер, әдістемелік кеңестерге қатысуға.
- 2.8. Психологиялық қызметтермен, ЖОО-ның психология факультеттерімен, психологтар ассоциациясымен, бастамашыл балабақшалармен, қорлармен және т.б. ынтымақтастық байланыс орнату.
- 2.9. ҚР-ның «Еңбек туралы», «Білім туралы» Заңдарына сәйкес ақылы демалысқа шығуға.

3. Міндеті.

Психолог мына міндеттерді орындайды:

- 3.1. Білім алушылардың психологиялық және әлеуметтік игі ахуалын сақтауға бағытталған кәсіби қызметті іске асырады.
- 3.2. Түрлі профильдегі және бағыттағы психологиялық диагностикалар өткізеді.
- 3.3. Педагогикалық ұжымды, ата-аналарды тәрбиеленушілердің тұлғалық және әлеуметтік даму мәселелері бойынша бағыттау мақсатында, зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша психологиялық-педагогикалық қорытынды жасайды.

- 3.4. Білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, дамытушы және түзетуші бағдарламаларды, білім беру қызметін жоспарлау мен әзірлеуге қатысады.
- 3.5. Шығармашыл дарынды балаларға психологиялық қолдау көрсетеді, олардың дамуына ықпал етеді.
- 3.6. Баланың дамуындағы психофизиологиялық ауытқу дәрежелерін анықтайды, психопедагогикалық түзету жасайды.
- 3.7. Әлеуметтік бейімделудің пайда болуын профилактикалау шараларын жүргізеді, білім алушының дамуына кедергі жасайтын факторларды, түрлі психологиялық көмектер көрсету шараларын қолданады.
- 3.8. Педагогтарға психологияны іс жүзінде қолдану мәселелері бойынша кеңес береді, педагогтар мен ата-аналардың әлеуметтік-психологиялық құдыреттілігін арттыруға ықпал етеді.
- 3.9. Белгіленген үлгіде құжаттама жүргізеді.
- 3.10. Ішкі еңбек тәртібі ережесін, балабақша жарғысы талаптарын сақтайды.

4. Жауапкершілігі.

Психологқа балабақша меңгерушісінің алдында мынандай жауапкершілік жүктеледі:

- 4.1. Жүктелген міндеттерді орындамағаны; жарғының, ішкі еңбек тәртібі ережелерінің, ҚР-ның заң шығарушылық актілерінің, басқа жергілікті-құқықтық актілердің, лауазымдық нұсқаудың белгісіз себептермен орындалмауы.
- 4.2. Кәсіби қызмет үшін пайдалануға берілген құндылықтар, аспаптар және басқа материалдар, жабдықтар, мүліктердің сақталуын қамтамасыз ету.
- 4.3. Педагогтар мен балалардың құқы мен бостандығының бұзылуы.
- 4.4. Психологиялық жұмысты, инновациялық қызметті, өзін-өзі жетілдіру бойынша жұмыстарды нашар ұйымдастыруы.
- 4.5. Педагог-психолог біліктілігі мінездемелерінің талаптарын сақтамауы.

5. Лауазым бойынша өзара байланыс және өзара қарым-қатынас

Психолог:

- 5.1. Балабақша меңгерушісі бекіткен, жұмыс күні тәртібімен график бойынша жұмыс істейді.
- 5.2. Балабақша әдіскерімен, медициналық қызметкерлермен, тәрбиешілермен, пән мұғалімдерімен өзара байланыс жасайды; басшылықпен, тәрбиешілермен ақпарат алмасады, балабақша меңгерушісіне кезең бойынша өз қызметі туралы есеп береді.
- 5.3. Белгіленген үлгіде кезең бойынша өз қызметін өз бетімен жоспарлайды.
- 5.4. Жұмыс күнінің ұзақтығы 4.48 сағат.

6. Комплаенс-офицердің функционалы

- 6.1 Квazимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;
- 6.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру;
- 6.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу болып табылады;
- 6.4 Мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;
- 6.5 Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы тұрғысынан мониторинг жүргізу;
- 6.6 Корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;
- 6.7 Квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік Әдеп кодексін (болған кезде) сақтауын бақылау;

- 6.8 "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
- 6.9 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;
- 6.10 Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және / немесе оларға қатысу;
- 6.11 Квazимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру;
- 6.12 Квazимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;
- 6.13 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау
- 6.14 Квazимемлекеттік сектор субъектісі жасасатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, іскерлік этика мен парасаттылықтың нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті сақтауын көздейтін ережелерді енгізуді қамтамасыз ету.

Нұсқаулықпен таныстым:

Педагог-психолог: Миткүлімова А.В. «17» қараша 2021 ж